

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

***Балалардағы бет-жақ
аймағындағы ауытқулары
емдеуде миогимнастиканың
қолданылуы.***

Орындаған: Азимбаев Х.К

Факультет : стоматология

Тобы: 402 - 03

Жетекшісі: Құлманбетов Р.И

жоспары

- Кіріспе.....3
- Негізгі бөлім.....4
- ✓ Миогимнастика туралы түсінік, қолданылуы, маңызы.....5-8
- ✓ Жеке топ бұлшықеттері мен әр түрлі патологиялық тістесулер кезінде миогимнастиканың қолданылуы.....9-30
- ✓ Миогимнастика жасауға қарсы көрсеткіш.....31
 - Қорытынды.....32
 - Пайдаланылған әдебиеттер.....33

Кіріспе

- Емдік гимнастиканың маңыздылығы-тіс-жақ жүйесінің аномалиялары мен деформацияларының алдын алу үшін және ортодонтиялық еммен бірге, емнен кейін, қолданылады. Ол күшті биологиялық стимулятор болып табылады. Ешқандай дәрігердің қатысуынсыз науқас өзі күнделікті жасай алады. Ем нәтижесіне өте үлкен көмек болып табылады. Толығырақ миогимнастиканы Rodgers 1917 жылы сипаттап шыққан. Ол әр түрлі тістем аномалиялары кезінде қолдануға болатын арнайы миогимнастикалық комплекстерді ұсынды. Кейін бұл емді басқа да ортодонт дәрігерлер жетілдіре түсті.



Миогимнастика

- Бұлшықеттердің жұмысын реттеуге арналған емдік және профилактикалық мақсатта қолданылатын емдік дене шынықтырудың әдісі болып табылады.
- Миогимнастика жеке ем ретінде немесе арнайы құрылғымен қолданылады.
- Миогимнастика 4-5 жаста бастап қолдануға болады (сүт және аралас тістем). Себебі, бұл жаста тісжақжүйесі қарқынды өсу устінде болады және бала іс-әрекеттің мәнін ұғына бастайды. 12-14 жасқа деін қолдану тиімді, ересек шақта эффективтілігі төмендеу. Басқа ортодонтиялық еммен бірлестіреді.

-

Кез келген миогимнастикалық емнің жалпы ережелері

Жаттығуды жүйелі және әрдайым жасау керек;

Жаттығулардың амплитудасы жеткілікті мөлшерде,бірақ қатты болмауы тиіс;

Бұлшықеттерге жайлап қысым түсіру қажет;

Әр бұлшықет жиырлуынан кейін тыныштық кезеңімен алмастыру қажет;

Әр жаттығуды бірнеше рет бұлшықет аздап шаршағанша жасау қажет;

Уақыт өте жаттығулар ұзақтығы мен санын арттыруға болады,бірақ бұлшықетті қатты шаршатпау қажет.

Добровольский бойынша 4 негізгі миогимнастиканың физиологиялық механизмі ұсынылған

Стимульдеуші

Трофикалық

Мақсатына
байланысты

Компенсациялаушы

Қызметін қалпына
келтіруші

Миогимнастика түрлері

жалпы

региональді

Локальді-бүкіл ағза
бұлшықеттерінің $1/3$ -і қатысса,

Прогнатиялық тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- **Жаттығу № 1.**
- Төменгі күрек тістер жоғарғы күрек тістердің алдында тұрғанша төменгі жақты алдыға жылжыту керек. Осы қалпында төменгі жақты 10 секунд ұстап тұрып, кейін ақырындап бұрынғы қалпына келу керек.
- **Жаттығу № 2.**
- Төменгі күрек тістер жоғарғы күрек тістердің алдында тұрғанша төменгі жақты алдыға жылжытып басты оңға және солға бұру қажет. Жаттығуды тұрып істесе жүктеме жоғарлайды.
- **Жаттығу № 3 (вестибулярлы пластинкамен).**
- Ауыздың кіреберісіне вестибулярлы пластинканы қояды, оң қолдың 1 саусағымен сақинасынан алдыға тартып ерінді жауып ұстап тұрады.
- **Жаттығу № 4.**
- Еріндердің арасына екі жолақты қағазды салып, ерінді жауып тұрамыз. Қағазды 30—50 минуттық ойындар, сурет салу, оқу кезінде немесе теледидар көргенде ұстап отырады.

Прогнатиялық тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- Жаттығу № 5.
- Массасы 6,5 г, жуандығы 1,5 мм, диаметрі 2,5—3 смдей металды дискіні еріндердің арасына қойып, диск горизонтальді орналасу керек. Диск тістермен емес, еріндермен ғана түйісіп тұру керек. Жаттығу шаршағанша орындалу қажет (30 секундтан бірнеше минутқа дейін).
- Жаттығу № 6 (пластмассалы пластинамен).
- Бала жуандығы 1—2 мм, ені 30—35 мм, ұзындығы 60—120 мм пластинаның бұрышын ернімен көлденең жағдайында қысады. Пластинкаға қандайда бір жүк қоямыз. Жүк ұлғайған сайын еріннің қысуын күшейте түседі.
- Жаттығу № 7.
- Мақта анжысымен жоғарғы еріннің үзеңгісінің екі жағына өтпелі қатпардың маңына қоямыз. Ерінді жауып («б», «м», «п») әріптері бар сөздерді айту керек.



Рис. 9. 1. Упражнения для круговой мышцы рта:

1 — надувание одной щеки; 2 — надувание обеих щек; 3 — выдавливание воздуха через сжатые губы; 4 — вытягивание губ; 5 — выдвижение нижней челюсти

Терең тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- Жаттығу № 1.
- Төменгі күрек тістер жоғарғы күрек тістердің алдында тұрғанша төменгі жақты алдыға жылжыту керек. Осы қалпында төменгі жақты 10 секунд ұстап тұрып, кейін ақырындап бұрынғы қалпына келу керек.

- Жаттығу № 2.
- Ағашты шыбықты резеңке түтікке кигізіп алдыңғы тістердің арасына қоямыз, тістерді қысып босатамыз.

Прогениялық тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- Жаттығу №1.
- Тілдің ұшымен жоғарғы алдыңғы тістердің таңдайлық бетін бұлшық ет шаршағанша (3—5 мин) басып тұру керек.
- Жаттығу №2.
- Басты сәл шалқайта ауызды кезек ашып жабу керек, ауызды жапқан кезде қатты таңдайдың түбіне дейін тілдің ұшын жеткізу қажет.
- Жаттығу № 3.
- Жоғарғы алдыңғы тістермен төменгі ерінді қысып қайта жіберу керек.
- Жаттығу № 4 (ағаш шпательмен).
- Тістер қатарының арасына ағаш шпательді қояды (ені жоғарға күрек тістермен бірдей). Шпательді тістеп жоғарғы тістердің таңдай бетінен вестибулярлы бетіне, ал төменгі күрек тістер тілге қарай қысым түсу қажет.

Ашық тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- Жаттығу №1

- Шайнау тістерімен ағаш талшығын бар күшімен кiнiне 5-6 рет қысу;

- Жаттығу №2

- Ауызды ашып, алдыңғы тістерге 2 саусақты қойып, ерінді жабуға тырысу;

- Жаттығу № 3

- Төменгі жақ сүйегін босатып, 1-2 мм–ге түсіріп, бұлшықеттерді жиырып, ерінді жабу;

- Жаттығу № 4

- Ерінді түтікше жиыру;
-

Айқасқан тістемді емдеуге арналған миогимнастикалық жаттығулар кешені.

- Жаттығу№ 1 (төменгі жақтың жылжып кетуі).
- Ауызды керіп ашып төменгі жақты дұрыс бағытта ұстау керек, тістермен тістесіп төменгі жақты 4—5 секунд осы жағдайда ұстау.
- Жаттығу№ 2 (жоғарғы жақтың бір жақты тарылуы).
- Жоғарғы тістердің таңдай бетіне және альвеолярлы өсіндінің тарылған жағына тілдің ұшымен бірнеше минут басу.

Қарсы көрсеткіш

1

- Бет бұлшықеттерінің патологиялық гипертрофиясы;

2

- Самай-төменгі жақ буынының тұрақсыздығы;

3

- Нағыз прогения,рахиттік ашық тістемде миогимнастиканы қолдану еш нәтижеге әкелмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Қорыта айтқанда, миогимнастиканың маңыздылығы- ол тіс-жақ жүйесінің аномалиялары мен деформацияларында тек алдын алу мақсатында емес, сонымен қатар емдік мақсатта аппараттармен бірге қосымша әдіс ретінде қолданылады. Ем нәтижелілігі үшін әрбір дәрігер-ортодонт миогимнастиканы өз тәжірибесінде әр науқастың жеке ерекшелігіне ыңғайлап қолдану керек. Жақбет аймағына жасайтын миогимнастика әлі де жетілдірілу үстінде және де бұл ем түрі аномалия жоқ кезде де бет бұлшықеттерінің тонусын қалыптастыру үшін қолданысқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Ортодонтия. Ф.Я. Хорошилкина, Москва 2006 год. 12, 301-308 стр.
- Ортодонтия . Н.Г.Аболмасов, Н.Н.Аболмасов, Москва 2008, 114 стр
- Руководство по ортодонтии. Под редакцией Хорошилкиной. Москва 1982 год. 409 стр.
- Ортодонтия. Флис. Киев 2008 год. 182-184 стр.
- Ортодонтия Л.С. Персин. Москва 2004 год. 308-313 стр.
- Интернет материалдар

*Назар
аударғандарыныңызға
рахмет.*